



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Басқарушылық іс-әрекетінің әлеуметтік аймақтары:
экономика, саясат, ғылым, тұрмыс

Алматы-2022

Басқару теориясы

- Әлеуметтік құбылыс ретінде және адам тәжірибесінің саласында басқару ғылыми зерттеу пәні болғаннан әлдеқайда ерте пайда болды. Адамдарға бірлесе жұмыс істеуге қажеттілік пен қабілеттілік тән болғандықтан, бұл олардың іс-әрекетінің үйлесуін, келісуін, кооперациялануын, яғни бірлескен әрекеттерін басқаруды талап етеді. Біздің дәуірімізге дейінгі мыңдаған жылдар бұрын Көне Мысырда басқару үдерістерін (процесс) жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, орталықтандыру қажеттілігі танылған. Оларсыз Мысыр пирамидалары, көне Ацтек қалалары сияқты ғаламат сәулет ғимараттарын тұрғызу, мысалы, римдік-католиктік шіркеу секілді күрделі әрі кең таралған діни ұйымның табысты қызмет етуі мүмкін болмас еді [2, 3]. Бірте-бірте басқаруды ұйымдастырудың формалары мен тәсілдері туралы теориялық түсініктердің туындауы үшін алғышарттар қалыптаса бастады. Басқару теориясы дербес ғылыми пән ретінде тек XX ғасырдың басында ғана, психологияның даму тағдырын қайталай отырып рәсімделді.

Басқару ақыл-ойы эволюциясының жалпы картинасын және оның негізгі кезеңдерін «басқару континуумы» ұғымы (К.С. Джордж бойынша) бейнелейді; онда басқару туралы түсініктерге революциялық өзгерістер енгізілген оқиғалар атап көрсетіледі. Мұндай оқиғаларға есептелетіндер:

1) сауда операцияларымен айналысқан айрықша түрдегі «бизнесмендердің» түзілуі;

2) Хаммурапи патша (б.д.д. XXVIII ғасырда) шығарған халықтың әлеуметтік топтары арасындағы қатынастарды реттейтін заңдар жинағы;

3) құрылыс пен өндіріс салаларына мемлекеттік басқару мен бақылаудың әдістерін II Навуходоносордың біріктіруі (б.д.д. VII ғ.);

4) жаңа туындаған капитализм арнасындағы еуропалық цивилизацияның индустриялық прогресі (XVII-XVIII ғ.) нәтижесінде кәсіби менеджмент туындайды;

5) XIX және XX ғасырлардың ұштасуы кезінде болған «бюрократиялық революция». Осы кезде басқару теориясы дербес пән ретінде пайда болды. О

- Г. Кунц және С. О. Доннел сияқты зерттеушілердің пікірінше, басқару бұл ең алдымен өнер болып табылады. Олардың тұжырымдарына сәйкес: «барлық шынайы ситуацияда бұл ғылымды қолдану мәні болатын, басқару процесі өнер болып табылады». Дегенмен, бұл өнер мынадай ғылымға сүйенеді, яғни: «Басқару бойынша іс-әрекет өнер болғанымен де, оларды иегертін адамдар, бұл өнер ғылымының негізінде жатқандарды түсініп және қолданса ғана, жақсы нәтижеге жетеді». Егер барлық қоғамдағы топтық серіктестік тиімді әрі маңызды нәтижені көрсетсе, онда басқару- барлық өнерден де маңызды екендігін батыл айтуға болады.

Басшы осындай функцияларды дәйекті орындауға міндетті. Жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, бақылау сияқты функциялар қазіргі уақытта ортақ және барлық ұйымдарға қолдануға қолайлы деп есептеледі. Басқарудың осы аталған төрт функциясы коммуникациялардың байланыстырушы үдерістерімен және шешімдер қабылдаумен жеткілікті (көшбасшылық) дербес қызмет ретінде қарастырылады.

Жоспарлау – бұл функция ұйымның мақсаты қандай болуы тиіс және осы мақсаттарға жету үшін ұйымның мүшелері не істеуі тиіс екені туралы шешімді болжайды. Жоспарлау функциясын орындай отырып, басшылық, өз кезегінде, ұйымның барлық мүшелері үшін мақсаттардың бірлігін қамтамасыз ететін шешімдер қабылдау мен күш жұмылдырудың негізгі бағыттарын белгілейді.

Ұйымдастыру – яғни қандай бір болсын құрылым құру. Ұйым өзінің жоспарларын орындай алатындай құрылымдауды жүзеге асыру қажет көптеген элементтер қолданылады. Жұмыс, нақты тапсырма (мысалы, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі бойынша қарттар мен мүгедектерге қызмет көрсету) осы элементтердің бірі болып саналады. Әрбір нақты тапсырманы атап айтқанда кімнің орындайтынын анықтау ұйымдастыру функцияларының өзге бір маңызды аспектісі болып саналады.

Мотивация. Ұйым мүшелерінің жоспарларды орындай отырып, жұмысты өздеріне берілген міндеттерге сәйкес орындауы, осы функцияның міндеті болып табылады. Қазіргі уақытта, өз жұмыскерлерін тиімді мотивациялау үшін, басшы, сол жұмыскерлердің қажеттіліктері қандай екенін білуі және жақсы жұмыс арқылы жұмыскерлердің осы қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәсілді қамтамасыз етуі қажет.

Бақылау – бұл ұйым іс жүзінде қол жеткізетін өз мақсаттарын қамтамасыз ету үдерісі. Басшы белгілі бір уақытта мақсаттарға қол жеткізуді жоспарлайды. Осы кезең ішінде ұйымның өзінде, сол сияқты одан сыртқары көп нәрсе өзгеруі, сондай-ақ адамдар қателіктер жасауы мүмкін. Басшылық бастапқы жоспарлардан ауытқуларды тауып, оны түзетуге қабілетті болуы қажет, бұл айтылғандар ең алдымен ұйымға елеулі шығын келтіруі мүмкін. Ұйымның жоспарын өзгертуге әкелетін жағдайлар туындайтын кездер де болады. Сондықтан да бақылау жоспарлауға әкеледі (1-сурет). Бұл, басқару үдерісінің басқарудың өзарабайланысты функцияларының үдерісін білдіретінін растайды.

Басқару функциясы екі жалпы сипаттамаға ие: олардың барлығы шешімдер қабылдауды талап етеді және бүкілі үшін коммуникация қажет

Белгілі бір әлеуметтік топтарға сәйкес келетін менеджменттің негізгі алты түрі тармақталады

Үкімет. Менеджмент ұғымы үкімет қызметіне қолданылмағанымен, Петерсон мен Плоуменнің пікірінше, оның қызметі барлық жағынан алғанда менеджменттің жалпы анықтамасына сәйкес келеді


Мемлекеттік менеджмент. Көп мемлекеттік мекемелерді ұйымдастыру және сондағы қызметкерлерге билік жүргізуді жүзеге асыру.

Әскери менеджмент. Мемлекеттік менеджменттің ерекше түрі. Қарулы күштерді ұйымдастыру және оларға жетекшілік ету.

Құрама одақтық (ассоциациялық) немесе клубтық менеджмент. Мемлекеттік мекемелердегі секілді, мұнда да қызметкерлер тобының іс-әрекетін ұйымдастырып, оларға басшылық ету қажет.

Бизнес – менеджмент. Үкіметтіктен және мемлекеттіктен өзгеше келетін менеджменттің ерекше түрі.

Мемлекеттік меншіктегі менеджмент. Бизнес – менеджменттің арнайы түрі. Жеке меншік іскерлік кәсіпорын функциясымен қоса, мұнда менеджмент сипатына мемлекеттік және әлеуметтік проблемалар мен ой-пікірлер де ықпал етеді.




Басқару экономикасы

- Басқару экономикасы - бұл экономикадағы үй шаруашылықтары мен фирмаларды қарастыратын микроэкономика пәнінен және жұмыспен қамту деңгейіне, пайыздық мөлшерлемеге, инфляцияға және басқа да елге қатысты макроэкономикалық айнымалыларға қатысты макроэкономикадан алынған экономика саласы. тұтастай алғанда. Басқару экономикасы бизнес менеджерлерге өз операцияларын барынша тиімді жүргізуге көмектесу үшін математиканы, статистиканы, басқару теорияларын, экономикалық мәліметтер мен модельдеу әдістерін қолданады. Басқару экономикасы менеджерлерге шығындарды азайту кезінде ең жоғары рентабельділікке жету үшін жер, жұмыс күші, капитал сияқты тапшы ресурстарды бөлуде дұрыс шешімдер қабылдауға көмектеседі. Басқару экономикасы сонымен қатар менеджерлерге қандай өнімдерді өндіру керектігін, қанша өндіру керектігін, бағаны және сату мен таратуда қандай арналарды қолдану керектігін шешуге көмектеседі.

Саяси басқару

- Саяси басқару билік құрылымын қалыптастыруда, үкіметтің бағдарламасын айқындауда, заң актілерін даярлау мен қабылдауда, экономиканы реттеуде, биліктің әртүрлі деңгейлері мен түрлі тармақтарының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруда саясаттанудың ғылыми әдістері мен қол жеткізген нәтижелері кеңінен пайдаланылады. Қоғамды басқару үрдісі барған сайын ғылымилану үстінде, ал саясаттану болса психология, кибернетика, әлеуметтану және экономикамен және өзге де ғылымдармен қатар оған өзіндік үлесін қосуда. Саяси басқару — саяси өмірдің басты және бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның көмегімен қоғамдағы саяси, экономикалық және әлеуметтік үрдістердің ауқымды міндеттері де, сонымен қатар, бұқараның сеніміне кіру, сайлауда жеңіске жету, даулы жағдайды шешу және т.б. сияқты нақты мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізумен байланысты ұсақ мәселелер де шешімін табады.

- 
- XX ғасырдың екінші жартысында біртіндеп саяси-басқарушылық пәндерінің тұтастай бір кешеніне айналған саяси басқару деп аталатын білімнің жаңа саласы қалыптасты. Бұл күрделі ғылыми кешен әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің үш топтамасының пәндік кеңістігінің қиылысында қалыптасты, олар: 1) әлеуметтік-саяси (саяси, әлеуметтік және экономикалық ғылымдар); 2) когнитивтік (философия, психология және ақпараттық-байланыстық зерттеулер); 3) менеджерлік (мемлекеттік басқару, ұйымдастыру теориясы, жалпы менеджмент, әскери ғылымдар). Әлеуметтік-гуманитарлық білімдер аясы електен өткізілді, уақыт өте келе оған математикалық, кибернетикалық зерттеулер, ақпаратты өңдеу әдістемесі қосылды. Осынау електен өткізілген пәнаралық саланың басында 1940-50 жылдары Г. Лассуэлл мен Г. Саймон тұрды. Лассуэлл Д. Лэрнермен бірігіп «Саяси-басқару ғылымдары» (1951 ж.) деген еңбекті даярлады. Саймон болса өзіне Нобель сыйлығын әкелген «Әкімшілік жүріс-тұрыс: әкімшілік ұйымдардағы шешім қабылдау үрдісін зерттеу» деген монографиясын жариялады.

«САЯСИ БАСҚАРУ» ТЕРМИНІ

- Бүгінгі саясаттану әдебиеттерінде «саяси басқару» термині кеңінен қолданысқа ие болды. Алайда оның мәніне қатысты пікірлер көптігімен ерекшеленеді. Осы саладағы зерттеушілер саны қаншалықты көп болса, саяси басқарудың соншалықты көп анықтамасы бар. Сондықтан бұл ұғымның мәнін анықтап, оның қоғамды басқарудағы орны мен ролін түсіну үшін ең алдымен «саясат» және «басқару» ұғымдарының мәнін айқындап алған жөн. Саяси ғылым тарихы оның мазмұны мен нысанының өзгеріссіз қалмайтындығына, әртүрлі факторлар әсерінен өзгеріске ұшырайтындығына, әлеуметтік даму заңдылықтарымен тығыз байланыстылығына, әртүрлі қоғамдар мен тарихи кезендерде өзіндік ерекшеліктерімен көрініс табатындығына куә болды. «Саясат» термині Ежелгі Грекияда пайда болды және polis-қала-мемлекет деген сөзден құралған. Дәстүрге сай Аристотель еңбектерінен бастау алатын оның негізгі мазмұны мемлекетке тиесілі болатын мемлекеттік басқару нысанын саралаумен, сипаттаумен және мінездеме берумен байланыстырылды. Мұндай көзқарас ұзақ уақыт бойы толығымен мемлекетке бағышталған саяси ғылымда мықтап орныққан болатын. Тіпті ХХ ғасырдың бас кезінде американдық Дж. Гарнердің «Саяси ғылымдарға кіріспе» деп аталатын әйгілі оқулығында саяси ғылымның мемлекеттен басталып мемлекетпен аяқталатындығы жөнінде тұжырымдама жасалған болатын.

- Ғылыми түрде басқарудың негізі Фредрик Уинслоу Тейлор (1851-1915) тарапынан қаланған. Ғылыми басқару философиясының ең негізгі элементі - өнімділік. Ғылыми басқарудың әдісі, тәсілі мен құралдары өнімділікпен қамтамасыз етуге тән. Ғылыми басқару, сонымен қатар жұмысшы мен басқарма мүдделері арасындағы өзара тығыз байланыстың болуы, сол себептен ынтымақтасып бірге жұмыс істеулерінің қажетті және міндетті екендігі туралы ой-пікірге сүйенеді. Ф.Тейлор "ғылыми басқару" деген ой-пікірлерін "Ательені басқару" және "ғылыми басқарудың принциптері" атты екі шығармасында атап көрсеткен.

Тейлор, ғылыми кәсіпкерлік саласында, қазіргі кезде де сөз етілетін "ғылыми басқарудың принциптерінің" мақсаттарын төмендегідей көрсетуде:

- қымбатқа соққан тиімсіз жұмыстарды және шығындарды қарапайым мысалдармен келтіру;

- осы тиімсіз жұмыстардың себебін, бірнеше төтенше күш пен адамдардың болмауынан емес, жүйелі басқару түсінігінің болмағандығын халыққа түсіндіру;

- ең тиімді басқарудың белгіленген заңдарға, принциптерге және ережелерге негізделіп, шын мәнінде ғылыми тұрғыда болғандығын дәлелдеу.

Алайда, Тейлор осы принциптердің қолданылуының да жеткілікті болмағандығын, белгілі бір маңызды түсініктердің мағыналы түрде топтастырылуы туралы сөз қозғаған. Бұның жүзеге асырылуы үшін де:

- саусақ есебінің орнына білімділік;

- тәртіпсіздіктің орнына үйлесімділік;

- жеке жұмыс істеудің орнына бірігіп жұмыс істеу;


- минимум шығыстың орнына максимум шығыс;

- әрбір жұмысшының ең жоғары деңгейдегі өнімділікке жетуі сияқты ұғымдарды жүзеге асыруы керек.

Тұрмыстық қызмет көрсетуді басқару

- Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді басқарудың объективті қажеттілігі жалпы ірі өндірістің табиғатынан туындайды. Салыстырмалы түрде үлкен көлемде жүзеге асырылатын кез-келген басқа тікелей қоғамдық немесе бірлескен жұмыс сияқты, тұрмыстық қызмет көрсету қызметкерлерінің еңбегі көп немесе аз дәрежеде басқаруды қажет етеді, бұл кәсіпорынның жұмысында үйлесімділік пен келісімді орнатады және жалпы функцияларды орындайды.

- Өндіргіш күштердің қарқынды дамуы, қоғамдық еңбек бөлінісін тереңдету, шоғырлануды, мамандандыруды, кооперацияны және өндірісті біріктіруді дамыту, жұмыстарды орындаудың жаңа техникасы мен технологиясын енгізу, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігінің өсуі басқарудың рөлін үздіксіз арттырып қана қоймай, сонымен қатар халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарындағы басқарушылық еңбектің тікелей қызмет өндіруден ерекшеленетін ерекше қызмет түріне айналуына әкеледі.

- 
- ▶ Қызмет көрсету нарығы мен көп салалы экономика жағдайында, бәсекелестікте әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы мамандандырылған және кешенді кәсіпорындар жұмыс істеген кезде, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді басқару Менеджмент түрінде сапалы жаңа мазмұнға ие болады.

Қорытынды

- Жетекшінің ұйымдастыру жүйесіндегі жеке іс-әрекеті негізгі орын алатындықтан, оны зерттеу басқару іс-әрекетінің басты мәселесі болып табылады. Бұл іс-әрекетті психологиялық зерттеудің қиындықтарын, іс-әрекет мәселесін жалпы ұйымдастырушылықтан бөліп көрсетуді ескеру қажет. Олар төмен- дегілерден көрінеді:
1. Жетекші іс-әрекеті ұйым қызметінің барлық жақтарымен тығыз байланыста болады. Сонымен қатар басқару іс-әрекетінің мәселесі басқарудың барысында ерекше сала ретінде қарастырылуға тиіс. Басқару іс-әрекетінің психологиясын қарастыруда басқару теориясынан байқалатын кең ауқымды оң және теріс нәтижелері болады.
 2. Басқару іс-әрекеті тұтастай пәндер кешенінде зерттелді, бұл кезде оның психологиядан тыс жақтары: ұйымдастырушылық, әлеуметтік, экономикалық, т.б. басым болды.
- Басқару іс-әрекетін ғылыми тұрғыдан психологиялық зерттеу өте қиын, өйткені бұл жерде психикалық нақтылық сияқты айқын емес сала зерттеу тақырыбы болып табылады.